

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 62-Ө "Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің паспортының нысанын және Паспортты әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының 2009 жылғы 26 қазандағы N 191-П Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 19 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5859 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 344 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 17.04.2015 № 344 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 97-бабының 7-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) төрағасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 62-Ө "Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің паспортының нысанын және Паспортты әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде N 2482 тіркелген) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

Бұйрықтың атауындағы "және Паспортты әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты" деген сөздер алынып тасталсын;

Бұйрықтың 1-тармағында:

"; Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің паспортын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық (осы бұйрыққа 2-қосымша)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

аталған Бұйрықтың 1-қосымшасында:

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің Паспортында: барлық мәтін бойынша "Төраға" сөзі "Бастық" сөзімен ауыстырылсын;

"Жалпы деректер" бөлімінде:

"құқығын куәландыратын құжат" деген сөздер "сәйкестендіру құжаты" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Жер учаскесінің кадастрлық бағасы" бөлімінде:

"Жер учаскесінің кадастрлық (бағалай) құны" тарауында:
"Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің паспорт

_____ жасалды
(орындаушы - ұйымның атауы)
және _____ облысының _____ аудандық жер ресурстарын
басқару жөніндегі комитеті "___" _____ 200 __ ж. берді." деген
жол келесі мазмұндағы:

"Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің паспорты

_____ жасалды
(мамандандырылған республикалық мемлекеттік
_____ кәсіпорынның атауы)
және _____
_____ облыстық (республикалық маңыздағы қаланың, астананың),

_____ ауданның (облыстық маңыздағы қаланың)
жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган "___" _____ 20 __ жылы
берді." _____ жолымен _____ ауыстырылсын.

2. Агенттіктің Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау және мемлекеттік жер кадастры департаментінің мемлекеттік жер кадастры және жер мониторингі басқармасы осы Бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары К.Ө. _____ Раймбековке _____ жүктелсін.

4. Осы Бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Жер ресурстарын басқару агенттігінің
Төрағасы _____
Ө. Өзібеков